

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Қазақстандағы ареналар жайлы не білеміз?

ЖАРИЯЛАНДЫ  
17.04.2021СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/93994/>

Жарасбекова Айжан

Қазақстандағы ареналар жайлы не білеміз?

Ең алдымен арена дегеніміз не?

Арена дегеніміз жалпы үлкен ғимарат, онда көптеген спорттық жарыстар болады, және ол жерде әр түрлі спорт түрлері бар. Қазақстанда өте көп арена бар. Олар «Алматы арена», Шымкент арена, Нұр-сұлтан жекпе-жек сарайы, Талдықорған-Жастар сарайы, Өркен және т.б.

Соның бірі Талдықорған қаласының аренасы жайлы айта кетсек, бір жарым мың көрерменді қабылдауға арналған «Жастар спорт сарайы». Спорт сарайы бір жарым мың көрерменді қабылдауға арналған. Мұнда тренажерлардың барлық түрлері бар:

- аэробика үшін,
- күш жаттығуларына,
- фитнес кардиостимуляторы.

Спорттық бал билері залы, мини-футбол мен баскетболға арналған спорттық аренасы бар әмбебап зал бар.

Жекпе-жек түрлерімен айналысатын залдар бар — самбо, дзюдо, таэквондо, бокс, еркін және классикалық күрес

Жертөледе үстел теннисі және бильярд залы, ату алаңы бар.

Мұнда тіпті мұражай да бар.

Журналистерді орналастыру үшін үшінші қабатта радио орталығы мен баспасөз орталығы бар.

Жертөледе 66 орыннан тұратын жерасты автотұрағы бар. Залдың жалпы ауданы: 22 757,3 ш.м. Орталық залдағы орын саны: 1 676 зал сипаттамасы «Жастар» спорт сарайы 2010 жылы пайдалануға берілген.

«Астана арена» Стадион бастапқыда ресми ашылу күніндегідей, атақты палуан Қажымұқан Мұңайтпасовтың құрметіне Қажымұқан стадионы деп аталған . Кейінірек стадион қазіргі «Астана Арена» атауына ие болды. Арена 2009 жылы салынып 3-ші шілдеде ашылған. Аренаның салынуына \$182 млн қаржы кеткен. Сол күні стадион тарихындағы алғашқы матчта Астана мен Қазақстан жастар құрамасы кездесті. Кездесуді әйгілі итальяндық төреші Пьерлуиджи Коллина басқарды, оның ысқырығы астындағы допқа символикалық алғашқы соққыны Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев берді.

Стадионның сырғанайтын төбесі 20 минут ішінде ашылып-жабылады. Стадионда әлемдік деңгейдегі матчтар мен концерттерді өткізуге бейімделген барлық алаңдардың жасанды алаңы мен инфрақұрылымы бар.

«Алматы Арена» мұз сарайы — Алматыдағы спорт және мәдениет сарайы. 2016 жылы 2017 жылғы қысқы Универсиадаға арналған Жоба авторы — «STROYTEKS Company» ЖШС. Бұл нысан хоккей, бокс, мини-футбол, мәнерлеп сырғанау, хоккей, каратэ, көркем гимнастика, би, дзюдо және басқа да спорт түрлерінен спорттық іс-шаралар өткізуге арналған.

2016 жылы салынған. Жалпы салынуына 38,5 млрд тенге қаржы кеткен. Сонымен қатар, Алматы Аренада студенттер ойындарының бірқатар спорттық іс-шаралары өтті:

30 қаңтар мен 6 ақпан аралығында кешеннің кішігірім аренасында керлингтен жарыстар өткізілді

1-5 ақпан аралығында кешеннің үлкен аренасында мәнерлеп сырғанаудан жарыстар өтті

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.